

кейде толғауы тоқсан қызыл тілге бара-бар көіл сазын, мұнлы өмірдің қуанышын әнмен іздейді.

Абай дәуірінде ән-күй өте-мөте қадірлі, қастерлі болды. Хормен ән шырқау шықты. Ат артып, тон тоздырып дегендей өнерлі елден ән-күй үйреніп қайтушылар көбейді. Осындай ынталы, ықыласты топтың ішінде өмір сүрген Абайдың композиторлыққа дендеуі заңды еді. Абай әндерінің әуенін тек қана негізгі сөзімен орындау керек. Себебі Абайдың әні мен сөзі қай жағынан да бір-бірімен тығыз байланысты.

Абай әндері Қазақстанның әр тарапында, әр түрлі орындаушылардың орындауында айтылып жүр. Мектептердегі, жоғарғы оқу орындарындағы жеке одан да үлкен сахналарда Абай әндері жиі шырқалады. Тіпті бетке ұстар әншілерімізде Абай әндерін шетел сахналарында әуелетіп, құлақ құрышын қандыра орындап жүр. Қазақстан Республикасы бойынша, аудандық облыстық республикалық деңгейде Абай әндерінен байқаулар өтіп тұрады.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Бисенова. Г. „Песенное творчество Абая“ - Алматы, Дайн Пресс, 1995
2. Ерзакович. Б. „Айтым сәлем қаламқас „ - Алма –Ата, Өнер 1986
3. Әуезов. М. „Абай Құнанбаев „ //История каз. муз. -Т2 Алма- Ата, Гос. издат 1979
4. Ахметова М. „Ән өнері және уақыт“ - Алматы, Өнер, 1993

ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Жармаганбетова Д. Ғ.
Ы. Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
«Музыкалық білім» мамандығының
4 курс студенті
Жұмабаева Г. Д. оқытушы
«Музыка және бейнелеу өнері» кафедрасы*

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында мектепте білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның сапалы терең білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын таңдауға кеңінен мүмкіндік беру деп көрсетілген[1]. Эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктері адамның эстетикалық көзқарас, сезім, таным, қабылдау, баға беру, белсенділік қасиеттерінің жиынтығын құрайды. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - балалардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауда сұлулық идеалдарын негіздеу. Эстетикалық тәрбиенің мақсататы – балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту болып табылады. Эстетика бұл (грек. aisthetikos – сезіну, сезімдік) – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым. Эстетика ғылым ретінде осыдан 5 мың жыл бұрын Мысырда, Вавилонда, Үндістанда және Қытайда дүниеге келіп, Ежелгі Грекия мен Римде кеңінен дамыған. "Эстетика" ұғымын ғылыми қолданысқа XVIII ғасырдың орта шенінде неміс философы Александр Баумгартен енгізді. Ол эстетиканы грек тіліндегі "айстетикос" сөзінен құрастырып шықты. Этимологиялық тұрғыдан алғанда "айстетикос" — сезім, сезіммен қабылданатын деген мағынаға ие. Этимологиялық түбір әлі күнге дейін "анестезия" сөзінде кездеседі. А.Баумгартен сезім арқылы қабылдауға мүмкін кемелділікті әсемдік деп білген, әсемдіктің бірден-бір көрініс табатын саласы өнер деп қарастырған.

Сөйтіп, неміс философы эстетикаға әсемдікті және оның өнерде көрініс табуын зерттейтін ілім деген анықтама берген[6].

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру барысында мектепте белгілі бір жүйелі бағытпен музыка сабағы жүргізіледі. Еліміздің егемендік алуы, ана тілімізге, ұлттық дәстүрімізге ерекше мән берілуі нәтижесінде мектептегі музыка пәнінің бұрынғы міндеттерінің үстіне қоса, бүгінде ұлттық сана сезімі оянған, ана тілін, елінің мәдениетін, өнерін білетін, сүйетін және келешекте дамытатын жастарды тәрбиелеу қажеттігі туып отыр. Оқу мазмұнын ізгілендіру бағытында имандылыққа тәрбиелеуге, оқушының жеке басының жан жақты үйлесімді дамуына аса көңіл қоюда музыка бағдарламасы лайықты болу тиіс.

Біріншіден, баланың психо - физиологиялық жеке басының ерекшелігін есепке алу. Баланың табиғатына байланысты музыкаға құштарлығын, талпынуын арттыру үшін сабақтың "оңайдан бірте бірте қиынға көшу" принципін сақтап, 10 - 12 минут сайын қызықты сұрақ, жұмбақ, тапсырмамен түрлендіру. Оқушыларды жалықтырмайтындай музыкалық ырғақты қимыл - қозғалыс сияқты әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалану қажет.

Екіншіден, баланы тәрбие негізінде оқыту керек. Оқушыға өз басын және айналасындағы адамдарды сыйлауды үйретіп, селқостықтан аулақ болуға, елін, жерін, дәстүрін, өнерін қадірлей білетін өз елінің азаматы болуға тәрбиелеу, мәдени дағдыларды игеру музыка сабақтарында орындалатын мақсаттар.

Үшіншіден, баланың оқуға қызығушылығын арттыру. Ол үшін оқушылардың көңіл қойып тыңдауына, жасына, түсінігіне лайық шығармалар іріктеп ұсыну, халық аспаптарының біреуін меңгеру қажет. 1-6 шы сынып оқушыларының музыка пәніне қызығушылығын арттыру мақсатымен сабақ барысында түрлі дидактикалық, музыкалық ойындармен ұштастыру керек.

Төртіншіден, бастауыш пен орта мектептің арасындағы сабақтастықты сақтау қажет екендігін ұмытпаған абзал[3].

Сонымен қатар қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарына арналған музыка пәнінің бағдарламасы, оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беруде өзінің алдына төмендегідей міндеттер қояды:

- музыкалық таңдау арқылы халық өнерін білу;
- ән айту, би билеу, музыкалық - дидактикалық ойын ойнау, сурет салу, саз аспаптарында ойнау;
- жыр, терме, айтыс өнерінің көркемдік құралдарымен танысу;
- оқушылардың нақыл сөздер мен өнегелі істері жайлы білімдерін тереңдете түсу;

Бұл бағдарламаның ән репертуары жөнінде айтар болсақ, ол – өте бай. Орындалатын әндер тұрмыстық, отбасылық, әдет-ғұрыптық, лирикалық жанрда болумен қатар балалардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға және олардың әсемдік жөніндегі түсініктерін тереңдетуге әсерін тигізеді.

Жалпы, музыка сабағының бағдарламасын алсақ, оның мақсаты - қазақ халқының байырғы ұлттық өнерін, соның ішінде музыкалық мәдениетін терең түсініп, эстетикалық тұрғыдан сезініп, ажырата білетін азамат тәрбиелеу. Өйткені, қазақ халқының ән мұраларында халық дәстүрі, елдің тарихи шежіресі дидактикамен терең үндескен философиялық ой-толғаныстары жүрек тебіренер ғажайып сырлары жатыр. Әл-Фараби: "Музыканың үш түрі бар...Біріншісі жай ғана рахат сезімін туғызады, екіншісі құмарлықты, ынтымақтықты білдіреді, үшіншісі біздің қиялымызға бағытталады. Жағымды сезім оятатын музыка демалыс үшін қолданылады, ол бізді жақсы тынықтырады. Музыканың өзінің байсалдылығынан айрылған адамдарды түзетуге, қызба адамды ылғи да бір қалыпты ұстауға күдіреті әбден жетеді. Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол бізге жұмыстың зардабына шыдауға, төзуге көмек етеді. Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі," – деген еді.

Музыка эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге қызығушылық

біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады, оқушыларды халықтық музыкаға баулиды. Музыкалық - эстетикалық тәрбиенің, дәлірек айтқанда, музыка арқылы эстетикалық тәрбие берудің тікелей міндеті музыканың идеялық мазмұнымен анықталады. Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құруды талап ететін эстетикалық тәрбие беру музыкасыз оның адамға көп түрлі әсерін, оның қабылдануы мен тәрбиелік рөлін зерделеусіз мүмкін емес. Музыкалық шығарманы оқып, орындай отырып оқушы эстетикалық тұрғыдан "өзінен - өзі" дамиды және ол үшін мұғалім тарапынан арнаулы күш - жігер жұмсаудың қажеті жоқ деген пікір теориялық жағынан да, практикалық жағынан да қате. Тәжірибенің көрсетуіне қарағанда, жан жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін эстетикалық тәрбие беру мәселелеріне, мысалы, гармония мен, эстетикалық қабылдаумен және талғаммен байланысты мәселелерге мұғалімдер тарапынан арнаулы көңіл бөлуді қажет етеді[2].

Мектепте сынып оқушылары қабылдаудың өткірлігімен және тазалығымен өзіндік "сезімдік қызығушылықпен ерекшеленеді, музыкаға аса қызығады. Олардың музыкалық іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру бір жағынан, кіші жастағы балалардың эстетикалық сезімдерінің дамуына әсер етеді, ал екінші жағынан, сәйкес қабілеттердің (есту тітіркендіргіштерін нәзік ажырату, музыкалық есту, үнді есту ретінде қоя білу қабілеті және т. б.) дамуына ықпал етеді. Барлық сынып оқушыларының интонациялық және эстетикалық қабылдауына қабылдау кезіндегі талдау тереңдігінің, ұйымдасқандықтың және мақсатқа бағытталғандықтың әлсіздігі тән екендігін анықтаған. Бұл әсіресе 1 және 6 сынып оқушыларына тән құбылыс. Оларға қабылдаудың эмоциялығы тән. Олар ең әуелі тікелей эмоциялық реакция туғызатын қасиеттерді, белгілерді, ерекшеліктерді қабылдайды. Сондықтан музыка туындысын тікелей күшті эмоция туғызатын белгілі бір акустикалық немесе оптикалық орта ретінде қарастыруға болады. Оқушыларды айналадағы табиғатты, қоғамдағы болмысты, әдемі әуенді құлақпен естіп, сұлулықты көзбен көріп, жоғарғы эстетикалық негізде қабылдай білуге баулу қажет. Сонымен қатар, өнер шығармалары арқылы туған халқымыздың жарасымды әдет - ғұрыптарымен, мерекелерімен, халық өнерінің туындыларымен танысу. Әрбір сабақта әртүрлі терминдер мен түсініктемелерді туған халқымыздың көрнекті ақындарының атын, суретшілердің, әншілердің, күйшілердің, аты-жөнін, кейбір шығармалардың шығу тарихымен танысу балалардың ой-өрісін дамытады. Оқушылардың ой-өрісін, рухани байлығын дамыту кез келген ұстаздардың міндеті. Мектепте өтетін өнер сабағын тиімді, ұстамды өткізу, келешек ұрпақтардың сапасын интеллект, эстетикалық көзқарасын үлкен жолға салу деген сөз.

Оқу мен тәрбие күрделі бір істің екі жағы. Осы істің екеуінің қай жағын ақсатып алсақ та адамды жан-жақты жетілдіру ісін жолға қоя алмайтынымыз белгілі. Ал тәрбиенің қай саласын қарасақ та эстетикалық тәрбие беру ісімен іштей қабысып жатады. Демек, адамгершілікке, инабаттылыққа, елін сүйуге, ерлікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы эстетикалық тәрбие адамды сұлулық әлеміне жетелейді.

Ал эстетикалық талғамы дамыған, көз қарасы қалыптасқан адам бұзақылық, қатігездік, зұлымдық, дөрекілік, өтірік, ұрлық, өсек тәрізді жексұрын қылықтардан аулақ болады. Өйткені, ондай адамдар шынайы сұлулық түр мен мазмұнның шебер ұштасуы арқылы болатынын сезе біледі. Адамдардың сыртқы түрі, іс-әрекеті, қимылы, сөзі - барлығы тек формамен мазмұнның қабысуы арқылы көрінетінін, сондай-ақ сұлулық қана шынайы сұлулық болатынын түсінеді. Тәрбиенің қай саласын жүзеге асыруда болсын оны эстетикалық тәрбиеден бөліп қарауға болмайды дейтін себебіміз де осыдан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 26 желтоқсан. 2003ж.
2. Н.С.Тілеуханов. Эстетикалық тәрбие қалыптастыру. «Бастауыш мектеп» журналы, № 7, 1997ж..

3. Ү.Мелдебекова, Т.Әлсатов. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі. Шымкент 2001ж.
4. Қ.Жарықбаев. Эстетикалық тәрбие туралы. Алматы 2002ж.
5. Г.Тоққұлиева. Балаға эстетикалық тәрбие беру. "Қазақстан мектебі" журналы 2000ж.
6. Қазақ энциклопедиясы, 10 том

ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

*Землянских Екатерина Сергеевна
КГКП «Рудненский социально-гуманитарный
колледж им. И. Алтынсарина», II курс
специальность: 0105000 «Начальное образование»
Научный руководитель: Кучер К.В.
преподаватель педагогики и психологии*

В раннем юношеском возрасте происходят большие изменения в организме и внешности молодых людей, связанные с половым созреванием; происходит усложнение жизненной деятельности и расширение круга лиц, с которыми старший школьник должен соотносить свое поведение, - все это резко активизирует в юношеском возрасте ценностно-ориентировочную деятельность, которая служит важнейшим психологическим условием для возникновения и развития жизненных перспектив, жизненного самоопределения.

Одно из новообразований подросткового возраста является профессиональное самоопределение, старшекласник определяется с выбором профессии, и это актуализирует сформированность ценностных ориентаций.

Совершающееся в ранней юности открытие внутреннего мира сопряжено с переживанием его как ценности. Открытие себя как неповторимо уникальной личности неразрывно связано с открытием социального мира, в котором этой личности предстоит жить. Юношеская рефлексия есть, с одной стороны, осознание собственного "я" ("Кто я?", "Какой я?" "Каковы мои способности?", "За что я могу себя уважать?"), а с другой - осознание своего положения в мире ("Каков мой жизненный идеал?", "Кто мои друзья и враги?", "Кем я хочу стать?", "Что я должен сделать, чтобы и я сам, и окружающий мир стали лучше?"). Первые, обращенные к себе вопросы ставит, не всегда сознавая это, уже подросток. Вторые, более общие, мировоззренческие вопросы ставит юноша, у которого самоанализ становится элементом социально-нравственного самоопределения. Трудность заключается в том, что ранняя юность, создавая внутренние условия, благоприятные для того, чтобы человек начал задумываться для чего он живет, не дает средств, достаточных для ее решения. Хорошо известно, что проблема смысла жизни не только мировоззренческая, но и вполне практическая. Ответ на нее содержится как внутри человека, так и вне его - в мире, где раскрываются его способности, в его деятельности, в чувстве социальной ответственности. А ведь это как раз и образует тот дефицит, который подчас весьма болезненно ощущается в юности. Таким образом, замыкаясь на самом себе, поиск смысла жизни как бы обречен на то, чтобы остаться лишь упражнением юношеского мышления, что создает реальную опасность устойчивого эгоцентризма и ухода в себя, особенно у юношей с чертами невротизма или предрасположенного к нему в связи с особенностями предшествующего развития. Однако, несмотря на все субъективные трудности, эти искания содержат в себе высокий позитивный потенциал: в поиске смысла жизни вырабатывается мировоззрение, расширяется система ценностей, формируется тот нравственный стержень, который помогает справиться с первыми житейскими неурядицами, юноша начинает лучше понимать окружающий мир и самого себя, становится в действительности самим собой.